

Педагогикалық кеңес
Хаттама №1

Күні: 28.09.2025ж.

Тақырыбы: «2025-2026 оқу жылындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқу процесінің ерекшеліктері»

Қатысушылар:

Балабақша меңгерушісі: Л.Ержанова

Тәрбиешілер саны: 4 адам

Пән мұғалімдері: 3

Барлығы: 8

Күн тәртібінде:

1. Жазғы сауықтыру кезіндегі жұмыстарды қорытындылау (сауықтыру жұмысының сараптамасы)

2. Балабақшаға жаңадан қабылданған балалардың бейімделу кезеңінің қорытындысы

3. 2025-2026 оқу жылына бөбекжай жұмысының жылдық міндеттерін бекіту

*Жаңа 2025-2026 оқу жылының әдістемелік нұсқаулық хат, стандарт, үлгілік оқу бағдарламасы, үлгілік оқу жоспарымен таныстыру және жылдық және оқк жоспарларын бекіту.

*Күн тәртібі, ҰІӨ кестесін, тәрбиешілер мен мамандарды бекіту. (толықтыру)

Тыңдалды.

1. Бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Л.Ержанова өз сөзінде 2025 жылғы жаз мезгілінде жоспарланған жазғы перспективалық сауықтыру шаралары мерзіммен сәйкес өткізілді. Барлық балалар нұсқаулықтары нығайтып, салауатты өмір салтын қалыптастыра білді.

Жарыс сөз:

1.2. Топ тәрбиешісі Сабитова Айдана өз сөзінде – барлықтарыңды жаңа оқу жылымен құттықтаймын әдіскер сөзімен келісемін жазғы сауықтыру шаралары жоспарлы түрде, басшылықтың бақылауымен уақтылы ұйымдастырылды. Шығармашылық табыс тілеймін.

Тыңдалды:

2.1 Екінші мәселе бойынша балабақша директоры Л.Ержанова жаңа оқу жылының жоспарымен таныстырды. Мақсат міндеттерді алға қоя отырып оқу тәрбие жұмысын жоспарлап, Баланың дамып жеке тұлға болып қалыптасуына баланың қажеттіліктерімен қамтамасыз етеміз. Сондықтан әрбір тәрбиеші тәрбиелеу мен оқытуды жанашаландырып өткізу алған қойылған мақсаттарын болсын. Білім берудің алғашқы баспалдағы балабақшадан басталады. Әрбір жаңашыл тәрбиеші терең теориялы, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шебер, балалардың жанын түсінетін тұлға болу керек. Топтардың перспективалық жоспарларын бекітіп алынған мақсаттың іске асырылуы және жаңа технологияларды енгізуді талап етті және жаңа оқу жылында тәрбиешілерге жұмыстарына табыс тіледі. 2025-2026 оқу жылына дайындық, балаларды жас ерекшелігіне сәй топтарға бөлінгендігі, жаңа оқу жылына Типтік үлгілік оқу бағдарламасымен және биылғы оқу жылының әдістемелік-нұсқаулық хатымен таныстырды. Білім саласын жаңарту мазмұнында өтпелі тақырыптарды қолдану бойынша топтардың перспективалық жоспарлары, вариативтік жоспарлары бекітілді. Директор Л.Ержанова педагогтерді бөбекжайдың ішкі тәртібімен таныстырып, ішкі тәртіпті бекітті. Топтарға жауапты тәрбиешілерді бұйрықпен таныстырды. Бекітілген кесте бойынша шықпай, әкімшілікке ескертусіз жұмыс кестесін ауыстырып тәртіпті

бұзған адамға шара қолданатынын ескертті. Педагог этикасы мен эстетикасын сақтап жүру, аяқ киімдерін тарпылдақ кимеуді, ата-аналармен, баламен өзара дұрыс мәдениетті сөйлеп өздерін саралап, сапалы жұмыс жасауды міндеттеді.

Жарыс сөз

2.2. Тәрбиеші Тапаева Акмарал, барлық кезде бекітілген мекеменің ішкі тәртібін орындалған жөн. Ережелерді сақтасак өзіміздің тыныштығымыз бұзылмайды, тәртіп бар жерде білім болады білесіздер.

Шешімі:

1. Бірінші мәселе бойынша топтардың жазғы сауықтыру шаралары қанағаттанарлық деп есептелсін. (жауаптылар: Л.Ержанова-әдіскер)
2. Топтардың 2025-2026оқу жылының перспективалық жоспарлары бекітілсін. (жауаптылар: Л.Ержанова-әдіскер)
3. Бекітілген ішкі тәртіп сақталсын. (жауаптылар: директор Л.Ержанова)

Төрайымы
Хатшы



Л.Ержанова
А.Сабитова

Тақырыбы: «МЖЖБ жеке қасиеттерін ескере отырып шығармашылық жана әдістр мен технологияларды, театр түрлерін қолдану арқылы дамыту»

Қатысушылар :

Балабақша директоры: Л.Ержанова

Тәрбиешілер саны : 6 адам

Пән мұғалімдері: 3

Барлығы: 10

Күн тәртібінде:

1. Кеңес: «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік театрлық іс-әрекеттері арқылы дамыту»
2. Баяндама: «Балбақша аясындағы театр-рухани тәрбиенің қайнар көзі»
3. Тренинг: «Маска»

Тындалды:

1.1.Бірінші мәселе бойынша, балабақша әдіскері Л.Ержанова өз сөзінде мектеп жасына дейінгі кезең – баланың тілін, сөздік қорын, эмоциялық әлемін, қиялын, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруда шешуші рөл атқаратын маңызды кезең. Театрлық іс-әрекет – балалардың тілдік қабілеттерін табиғи, қызықты және ойын арқылы дамытуға мүмкіндік беретін тиімді педагогикалық құрал. Театр ойыны баланың сөйлеуін белсендіреді, коммуникативтік дағдыларын жетілдіреді және өз ойын еркін жеткізуге көмектеседі. Тілдік-театрлық іс-әрекет – мектеп жасына дейінгі баланың жан-жақты дамуына ықпал ететін ең тиімді әдістердің бірі. Театрландырылған іс-әрекет арқылы бала сөйлеуге үйренеді, өзіне деген сенімін арттырады, шығармашылық қабілетін дамытады және қоғамда еркін қарым-қатынас жасай алатын тұлға ретінде қалыптасады.

Жарыс сөз

1.1.Балабақша тәрбиешісі Суйеова Гаухар өз сөзінде, Театрлық іс-әрекетті ұйымдастыру кезеңдері Дайындық кезеңі

- Ертегіні немесе әдеби мәтінді таңдау;
- Кейіпкерлермен таныстыру;
- Мәтіндегі қиын сөздерді түсіндіру.

Рөлдерді бөлу

- Әр баланың қабілетіне байланысты рөлдер беру;
- Қорқақ немесе тұйық балаларға шағын, қысқа сөзді рөл беру.
- Сахнаға дайындау

- Мимика, қимыл, интонацияны үйрету;
- Қарапайым декорациялар дайындау;
- Музыкалық сүйемелдеу таңдау.
- Сахналау

- Балалар өзін еркін сезіну үшін ойын элементтерін біріктіру;
- Қажет болса, тәрбиеші көмекші-режиссер рөлінде қатысады.
- Қорытындылау

- Балалардан әсерін сұрау;
- Қалай сөйлегенін талқылау;
- Жетістіктерін мадақтау. деп аяқтады

Тыңдалды

2.Екінші мәселе бойынша, балабақша тәрбиеші Таджигалиева Д. педагогтерге мектеп жасына дейінгі кезең – тұлғаның рухани әлемі қалыптасатын ең маңызды уақыт. Осы кезеңде баланың жүрегіне жақсылық, мейірім, адамгершілік, ізеттілік сияқты құндылықтарды дарытудың тиімді жолдарының бірі – театрлық іс-әрекет. Балабақшадағы театр – тек ойын әрі өнер ғана емес, ол баланың рухани дүниесін байытатын тәрбиенің қуатты құралы. Театр өнері арқылы бала әлемді көркемдік тұрғыдан қабылдауды үйренеді, адам бойындағы ізгі қасиеттерді таниды, оларды өз бойына сіңіреді деп баяндады.

Тыңдалды

3.Үшінші мәселе бойынша әдіскер Л.Ержанова «Маска» тренинг: Әдіскер катысушыларға сұрақ қояды:

- Біз күнделікті қандай маска киеміз?
- Қандай кезде өзімізді шынайы көрсете алмаймыз?
- Басқалар бізді қалай көреді?

Қысқаша түсіндіру:

Маска – адамның қоғамға, жағдайға бейімделу үшін қолданатын мінез формасы.
Бірақ ол кейде адамның ішкі әлемін жасыруы мүмкін.

Шешім

- 1.Л.Ержанова тарапынан берілген кеңес жұмыс барысында қолданылсын.
2. Г.Суйеованың баяндаған баяндамасы қанағаттандырылсын.
3. Балабақшада шынайылық, адамгершілік, сыйластық сақталсын

Төрсайымы:
Хатшы:



Л.Ержанова
А.Сабитова

Тақырыбы: «Денсаулықты қорғау және күту»

Мақсаты: : «Балалардың білік дағдыларын бақылау, денсаулықтарын нығайту жұмыстарын бақылау.»

Қатысушылар :

Балабақша директоры: Л.Ержанова

Тәрбиешілер саны : 6 адам

Пән мұғалімдері: 3

Барлығы: 10

Күн тәртібінде:

1. «Менің қауіпсіз әлемім» «5 ке дейін үйрен бағдарламасы бойынша жұмыстың орындалысы (Калжанова А.)
2. Тренинг: «Табиғатсыз күнің жоқ, оны айтуға табиғаттың тілі жоқ» (педагогтерге тренинг А.Сабитова)
3. «Жасыл балабақша» (жұмыстарының орындалысы А.Тапаева)

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша балабақшаның топ тәрбиешісі Калжанова Акмарал қазіргі заманда алға қойылып отырған маңызды мәселердің бірі - жан - жақты дамыған өнегелі, рухани ізденісі мол жас ұрпақ тәрбиелеу. Мектепке дейінгі білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбиемен мектепалды даярлық топтарында педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл әдіс - тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік береді. Бөбекжайда оқу жылының айлық жоспары бойынша шығармашылық жұмыстар жүргізіліп отырды. Мыс: «Ең жақсы топ», «Менің сүйікті алаңым», «Көленкелі сурет салу» (ерекше білімді қажет ететін балалармен шығармашылық жұмыс) ж.б шығармашылық жұмыстар аткарылып келеді. Мұндағы басты мақсаты: оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық ойын технологиясының элементтерін пайдалана отырып, жан - жақты, білімді, құзыретті тұлға тәрбиелеу. Біздің мектепалды даярлық топтарының ата-аналарымен оқу жыл басталған кезден «5 ке дейін үйрен» қосымшасын электронды түрін өздерінің ұялы телефондарына жүктеп алдырған болатынбыз. Осы күнге дейін ата-аналар сол қосымшадағы 8 тақырып аясында өздеріне пайдалы кеңестер алып бала тәрбиесінде қолданып отырғандарын айтты. 4 жинақтар бағытында баланы күтіп-бағу туралы өте әсерлі кеңестер алып өз білімдерін толықтырып отырғандарын айтып бізбен де кері байланысқа шығып отырды. Жаңа технология бойынша білімді үнемі бүгінгі жас ұрпақ тәрбиеленушілерге меңгертіп отырсақ, балалардың жаңаша көзқарас пайда болатын айтты.

Жарыс сөз:

1.1. Топ тәрбиешісі Кенжебаева Гулбану өз сөзінде тәрбиеші А.Калжанованың сөзімен келісетінін және де әрбір қосымшада берілген кеңестерге жауапкершілікпен қарайтынын айты.Тәрбиешілер заман талабына сай ізденіп, шығармашылық жұмыстаға белсене қатысып өз тәжірибелерімен бөлісіп отыруғайтып өтті. «5 ке дейін үйрен» қосымшасы ата-аналарға бала тәрбиесіне тиесілі көп білімдер алып өздерін дамытқанын айтты.

Тыңдалды:

2. Екінші мәселе бойынша балабақшаның тәлімгер тәрбиешілері А.Сабитова «Табиғатсыз күнің жоқ, оны айтуға табиғаттың тілі жоқ» тақырыбында педагогтерге тренинг ұйымдастырды. Ондағы олардың мақсаты педагогқа психологиялық-педагогикалық көмек беру. Өз тренингтарын табиғатпен ұштастырып , педагог

бойындағы шаршауды, депрессияны, уайымды, түсінбей жүрген мәселелерін реттеуге жақсы көмек беру. Жұмыстарына деген қызығушылықты арттыру болатын.

Жарыс сөз:

2.1. Тәрбиешісі Калжанова А. сөз кезегінде тәрбиешілердің ұйымдастырған тренингі өте ұнағанын, және жақсы әсер алғанын айтты. Адам табиғаттың бір бөлшегі, табиғаттың кеңдігін, оның тазалығын, адамға беретін пайдасын өз өміріне өте қатысы бар екенін түсіндім,-деді ол.

Тыңдалды:

3.Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші А.Тапаева «Жасыл балабақша» бағдарламасы туралы бөбекжайда жасалып жатқан жұмыстар бойынша қорытынды берді. Ол өз сөзінде, биылғы 2025-2026оқу жылға арналған әдістемелік жұмыстар бағытында шығармашылық жұмыс ретінде берілген. Барлық топтарда табиғат бұрыштары жабдықталды,өлі және тірі табиғат бөлшектері де жасақталды. Бөбекжай педагогтері табиғат туралы толық мәлімет беру үшін қызықты, заманауи ойындар, әртүрлі жаңа әдіс-тәсілдер пайдаланды. Ата-аналармен де жасыл балабақша тақырыбында дөңгелек үстел, тренингтер, зерттеу жұмыстары, акция жұмыстары атқарылды. Топ балаларымен зерттеу іс-тәжірибелері ұйымдастырылды. Соның бірі «Менің қауіпсіз әлемім» сурет байқауы да өтті.

Шешімі:

1. «5 ке дейін үйрен бағдарламасы бойынша жұмыстың орындалысы А.Калжанова қортындысы қанағаттандырылсын
2. «Табиғатсыз күнің жоқ, оны айтуға табиғаттың тілі жоқ» тренинг «жақсы» деп бағалансын.
3. «Жасыл балабақша» А.Тапаева. қортындысы «жақсы» деп есептелсін

Төрайымы
Хатшы:



Л.Ержанова
А.Сабитова

Тақырыбы: «Отбасы мен бөбекжай ынтымақтастығы»

Қатысқандар:

Балабақша меңгерушісі : Л.Ержанова

Тәрбиешілер саны : 4 адам

Пән мұғалімдері: 3

Барлығы: 8

Күн тәртібінде:

1. Дөңгелек үстел: «Отбасы мен бөбекжай ынтымақтастығы» (топ тәрбиешісі Г.Кенжебаева)
2. Кеңес: «Отбасы, балабақша және қоғамдық болашақ игілік жолындағы өзара ынтымақтастығы» (Тәрбиеші Абатова З.)
3. Ата-аналармен жұмысының орындалысының қорытындысы (әдіскер Л.Ержанова)

Тыңдалды

Балабақша директоры Л.Ержанова №3 педагогикалық кеңестің орындалу барысына талдау жасады. Атап айтқанда Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, оларды тәуелсіз, мемлекетіміздің білімді, білікті, мәдениетті азаматы етіп, тәрбиелеу барысында жасалып жатқан жұмыстар, өмірімізге еніп, жатқанын жаңалықтар осыны дәлелдейді. Дене бітімі дамуын зерттеу және бағалау тәсілдері. Балалар мен жасөспірімдердің іс-әрекет гигиенасы, еңбекке тәрбиелеу тәртібіне қойылатын гигиеналық талаптар, еңбекке тәрбиелеу жағдайына қойылатын санитарлық бақылау, шынығу, дұрыс балансты тамақтану; рационалды күн тәртібі, гигиеналық дағдылар және дұрыс тұрмыс-қалыпта өмір сүру дағдылары балабақшада дұрыс жүргізіліп жатқандығын айтып өтті. Дене тәрбиесі ұйымдастырылған іс-әрекетінде тәрбиешілер балаларға жаңаша әдіс-тәсілдерін қолдануда. Өткен педагогикалық кеңесте талқылانған шешімдер орындалуда деп айта аламын.

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша топ тәрбиеші Суйеова Г. отбасы мен бөбекжай ынтымақтастығы тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырды. Ұйымдастырудағы мақсаты ата-аналар мен тәрбиешілер арасындағы өзара байланысты нығайту, баланың дамуына бірлескен жауапкершілікті арттыру. Ол өз дөңгелек үстелінде бала тәрбиесіндегі педагогтердің ата-анамен жұмыс атқарылу түрлерімен, кері байланыс жасауды, бірлесіп жұмыс жасау туралы әңгімеледі.

Жарыс сөз

Тәрбиеші Жусипов Д. өз сөзінде, тәрбиеші Өз сөзінде тәрбиеші Суйеова Г. дөңгелек үстелінен жақсы әсер алып, ата-аналармен жұмыс жасаудың жақсы жағымды жақтарын үйренгенін айтты.

Тыңдалды

Екінші мәселе бойынша балабақшаның тәрбиеші Абатова З. «Отбасы, балабақша және қоғамдық болашақ игілік жолындағы өзара ынтымақтастығы». педагогтармен «Бала

тәрбиесіндегі халықтық педагогиканың бағыты» тақырыбында ой-пікр-сайыс ұйымдастырды. Бүгінгі кеңесіміздің тақырыбы – «Отбасы, балабақша және қоғамдық болашақ игілік жолындағы өзара ынтымақтастығы». Бала – ел болашағы. Оның тәрбиесі мен дамуы тек отбасының ғана емес, балабақша мен қоғамның да ортақ міндеті. Үш тарап бірлесе әрекет еткенде ғана біз саналы, білімді, тәрбиелі ұрпақ тәрбиелей аламыз. Сондықтан бүгінгі кездесудің мақсаты – осы үш маңызды ортаның байланысын талқылау, тәжірибе алмасу және тиімді жолдарын анықтау. Тәрбие кездейсоқ оқиға емес, ол қоғамның пайда болуына тән қасиет. Тәрбие жеке тұлғаның санасына, мінез-құлқының дұрыс қалыптасуына әсер ететін құрал. Тәрбие – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, олардың айналамен қарым-қатынасын, өмірге көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру құралы. Тәрбиелеу – халықтар бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту. Тәрбие – көптің ісі. Тәрбие мәселесімен қоғамдық ұйымдар, мекемелер және жұртшылық болып айналысқан жағдайда ол нәтижелі болмақ. Соған сай тәрбие туралы ұғымға тар мағынада емес, кең мағынасында, бір жақты емес, кең көлемде, яғни табиғат және әлеуметтік ортаның, мектеп пен ата-аналардың жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуына мақсатты түрде ықпалы, өзара әрекетінің нәтижесі ретінде қараған жөн. Балалармен ойынды мақал-мәтелдер, жаңылпаштар, тиім сөздер, айтыс түрінде ұйымдастырған өте жақсы әсер болады.

Жарыс сөз

Денетәрбие нұсқаушысы өз кезегінде педагог-психологтың сөзімен келісетін айтты. Балапанжан Киикбаеваның берген кеңесінен көп әсер алып өзі де бала тәрбиесінде ұлттық әдіс-тәсілдерді қолданғанымыз өте тиімді болатын көзім жетті деді.

Тыңдалды

Үшінші мәселе бойынша балабақшаның әдіскері Л.Ержанова 2025-2026оқу жылында ата-аналармен ұйымдастырылған жұмыстың түрелерін баяндап, қорытында ақпарламасын баяндады. Алдымен оқу жылдың басында ата-аналардың жалпы жиналыс жасалып, ата-аналар комитеттері сайланды. Осы комитетпен бірлесіп отырып бірге іс-шаралар ұйымдастырылды.Топтың тәрбиешілері ата-аналармен олардың комитеттерімен жұмыс жоспарларының қорытындысы туралы бақыланғанын, оның көрсеткішін баяндады.

Шешімі

1. Өткен кеңестің жұмыстары қанағаттанарлық болып есептелінсін.
2. Дөңгелек үстел: «Отбасы мен бөбекжай ынтымақтастығы» МАД топ тәрбиешісі Г.Суйеова қанағаттандырылды.
3. Кеңес: «Отбасы, балабақша және қоғамдық болашақ игілік жолындағы өзара ынтымақтастығы» педагог Абатова З.. іс-тәжірибеде қолданылсын
4. Ата-аналармен жұмысының орындалысының қорытындысы әдіскер Л.Ержанова. қанағаттанарлық болып есептелінсін.

Торайымы:
Хатшы:



Л.Ержанова
Л.Сабитова

Педагогикалық кеңес №5

Хаттама №5

29.05.2026жыл

Тақырыбы: «Оқу жылының қорытындыларын талдау. Жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру»

Қатысқандар:

Балабақша меңгерушісі : Л.Ержанова

Тәрбиешілер саны : 5 адам

Пән мұғалімдері: 3

Барлығы: 9

Күн тәртібінде:

1. 2025-2026оқу жылының қорытындылары /Әдіскер Л.Ержанова/
2. Балалардың даму ерекшеліктері:
-Балалардың қатынасы, даму деңгейі, мінез-құлқы, білім деңгейі /Л.Ержанова/
3. Жазғы сауықтыру жұмыстарының жоспарын бекіту
- 4.Жаңа оқу жылына бағыт бағдарлау.

Тыңдалды

1.Бірінші мәселе бойынша балабақшаның әдіскері Л.Ержанова өз сөзінде 2025-2026оқу жылындағы атқарылған жұмыстардың қорытындысы туралы баяндады. Бөбекжайдың жұмысы жылдық жоспарға сәйкес жүргізілді. Оқу-тәрбие жұмыстары толық қамтылды. Балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасалды. Жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілді. Оқу-тәрбие жұмыстар Мемлекеттік стандарт негізінде жұмыс жүргізілді. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер өткізілді. Тіл дамыту, математика, шығармашылық, физикалық-қасиеттер, әлеуметтік-эмоционалдық дағдылар бағыттары қамтылды, ашық ҰІӨ мен мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылды. Балалардың білім, білік дағдылары жақсы қалыптасты.

Педагогтермен педагогикалық кеңестер өткізілді. Аудандық, облыстық деңгейде ұйымдастырылған семинарлар мен шеберлік сағаттарға педагогтар қатыстыру жұмыстары жүргізілді, тәрбиешілер тәжірибе алмасты, жаңа әдіс-тәсілдер қолданылды, жас мамандарға әдістемелік көмек көрсетілді.

Жарыс сөз

1.2.Балабақша тәрбиешісі А.Сабитова меңгеруші Ж.Бектегенованың айтқанымен толықтай келісетінін білдірді. Барлық педагогтер балалардың жас ерекшелігіне сай мектепке дейінгі үлгілік оқу бағдарламасына сай білік дағдылары дамытылады.

Тыңдалды

2.Балабақша әдіскері екінші мәселе бойынша Л.Ержанова бөбекжайымыздың 2025-2026 оқу жылында ұйымдастырылып өткізілген оқу тәрбие жұмыстары, балалардың білік дағдылары, салауатты өмір салтын қалыптасуы, заттық дамытушы ортаның қажеттілікпен қамтамасыз етілуі туралы қорытындысын баяндады. Сонымен қатар, бала тәрбиесіне байланысты ата-аналармен атқарылған іс-шаралар толықтай баяндады. 2025–2026 оқу жылы бойынша балабақша тәрбиеленушілерінің білім, білік және дағдыларының даму деңгейіне мониторинг жүргізілді. Мониторингтің мақсаты – балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес дамуын анықтау, педагогикалық жұмыстың тиімділігін талдау және келесі оқу жылына міндеттер белгілеу.

Зерттеу барысында бақылау, әңгімелесу, ойын әрекеттері, шығармашылық тапсырмалар және күнделікті оқу қызметіндегі нәтижелер пайдаланылды. Жылдық мониторинг нәтижесі бойынша тәрбиеленушілердің даму көрсеткіштері жалпы алғанда жақсы деңгейде екендігі анықталды. Балалардың көпшілігі білім беру дағдылары бойынша күтілетін нәтижелерді меңгерген. Педагогтар тарапынан ұйымдастырылған жүйелі жұмыс балалардың жан-жақты дамуына оң әсерін тигізді.

Жарыс сөз

2.1. Қазақ тілі мұғалімі өз сөзінде әдіскер Л.Ержанованың қорытынды баяндамасымен келісетін айтты. Барлық оқу тәрбие жұмыстары, іс-шаралар жоспарлы түрде өткізілді. Ата-аналардың педагогикалық мәдениеттері де жақсы деңгейге көтерілді.

Тыңдалды

2.2. Екінші мәселе бойынша бөбекжайдың педагог-психологы арнайы балалардың диагнозы, даму деңгейі туралы қортынды баяндамасын баяндады.

Жарыс сөз

2.2. Ата-ана Әлдеева Жансая өз сөзінде бөбекжайдың дефектологы, логопеді, педагог-психолгы балалармен жоспарлы уақтылы дамыту жұмыстарын жүргізді. Менің ұлым Жалғасбай Хамза мініз-күлкында қиындықтары бар диагнозымен тіркелген болатын. Қазір балам жақсы жоғары көрсеткіш көрсетті. Қуанышымда шек жоқ келесі жылы балам осы бөбекжайға мектепалды даярлық тобына барады. Балабақша қызметкерлеріне алғысымды білдіремін деп алғыс айтты.

Тыңдалды

3. Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Л.Ержанова 2026жылғы жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының перспективалық жоспарымен таныстырды. Сауықтыру-шынықтыру шараларының перспективалық жоспары балалардың денсаулығын нығайтуға, белсенді өмір салтын қалыптастыруға және қауіпсіз ортада жан-жақты дамуына мүмкіндік береді. Жоспар барлық педагогтердің бірлескен және жүйелі жұмысын талап етеді.

Тыңдалды

4. Төртінші мәселе бойынша бөбекжай директоры Л.Ержанова 2026-2027 оқу жылдың жаңа бағыттарымен таныстырды. 2026-2027 оқу жылында мектепке дейінгі ұйым жұмысының негізгі мақсаты – балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасау, заманауи білім беру технологияларын енгізу және тәрбиелеу мен оқытудың сапасын арттыру.

1. Баланың эмоционалдық интеллектісін дамыту

- Балалардың өз эмоцияларын тануы және басқаруы;
- Қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру;
- Сенімділік пен өзін еркін ұстауға тәрбиелеу;
- Психологиялық жайлы орта құру.

2. Ерте жастағы зерттеушілік және STEM элементтері

- Қарапайым тәжірибелер ұйымдастыру;
- Құрастыру және модельдеу ойындары;
- Логикалық ойлау қабілетін дамыту;
- Танымдық белсенділікті арттыру.

3. Сөйлеу мәдениеті мен тілдік құзыреттілікті дамыту

- Байланыстырып сөйлеуді жетілдіру;
- Көркем әдебиетке қызығушылық қалыптастыру;
- Мемлекеттік тілді меңгерту сапасын арттыру;
- Диалогтік қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

4. Денсаулық сақтау және қауіпсіз орта

- Сауықтыру-шынықтыру жұмыстарын күшейту;

- Қозғалыс белсенділігін арттыру;
- Қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін насихаттау.

5. Ұлттық құндылықтар мен патриоттық тәрбие

- Қазақ халқының салт-дәстүрлерін дәріптеу;
- Ұлттық ойындарды қолдану;
- Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу;
- Рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру.

6. Цифрлық және креативті дағдыларды дамыту

- Инновациялық технология элементтерін қолдану;
- Интерактивті ойындар пайдалану;
- Шығармашылық жобалар ұйымдастыру;
- Балалардың қиялы мен шығармашылығын дамыту.

7. Ата-анамен серіктестік жұмысты жетілдіру

- Отбасылық жобалар ұйымдастыру;
- Ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету;
- Ашық есік күндерін өткізу;
- Бірлескен іс-шараларды көбейту

Шешім:

1. Әдіскер Л.Ержанова қорытынды баяндамасы қанағаттандырылды.
2. Арнайы мамандар жұмыстарының қортындысы қанағаттандырылды
3. Жазғы сауықтыру-шынықтыру шаралары жоспарлы түрде орындалсын
4. 2026-2027оқу жылының бағыттары жұмыс бағытына қолданылсын.

Хатшы:
Төрайымы:



Л.Ержанова
А.Сабитова